


◆ АҚЫН ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ  
ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУ ҚАРСАҢЫНДА



Қазақтың кара өлеңін бір биік белеске көтеріп, өзіндік өрнегімен он бес ордалы одаққа аты мәшһүр болған ақын Қасым Аманжолов. «Қасым Аманжолов - қазақ поэзиясының жарқын және мұнан да гөрі жарқынырақ жана алатын, алайда, әр түрлі себептермен өзінің ішкі жарық қуатын толық сыртына шығара алмай, мезгілсіз сөніп кеткен, қапылыста ағып түскен жарық жұлдызы» (Ж. Бектұров). Ол неге өз талантын сарқа пайдалана алмады? Оған себеп - Кеңестік көпірме тәртіп. Ақиқатты айтуды келешек ұрпаққа жүктеп, «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ!» деп болашаққа қызыға қарады. Ақын шындықты шыңғыртып жырлауы керек. Сталин өлгеннен кейін жазушылардың мойнындағы қыл арқан сәл де болса босаған-тын. Өттеген-ай, Қасымға сәл өмір бергенде...



«Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Расында солай. Қасымның қадірін кім біліпті? Баспанасыз, жай-күйсіз Алматыда тентіретіп қойды. Мүмкін, оның жарқырап жана алмауының тағы бір себебі осы шығар. Оноре де Бальзак тыныш отырып, роман жазуды армандапты. Ал Қасым оны армандамады дейсіз бе? Олеңін өрт жалаған ақынның ішінде кеткен өкініші не еді?

Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,  
Көре алмай қызығынды мен кетемін.  
Арпалыс ала құйын заманалар,  
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!

Өмір оны қатты сынады. Балалық шағынан бастап. Ең алдымен әкесі Рақымжан өлді. Артынша анасынан айрылды. Тірідей. Осының бәрі қасірет емес пе бала көңілге. Бірақ, ол езілген жоқ. Асқақ еді. Ал сол кезде елдің еңсесін басып тұрған тоталитарлық режим ақынның биіктігін кешіре алмады. Сонысы үшін жазалады. Әйтпесе, қарапайым жұмысшыға дейін тапсырылған үйдің кілті әдеби ортада абыройы Алатаудай биік болған Қасымға неге берілмеді дейсіз. «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деп, Майлинге ара түскен Ғабит сияқты, Қасымға жанашыр болар ешкімнің табылмауы қалай? Кейін Мұқағали:

«Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,

Қан менен жас аралас тарлан жырды...», деп нақ басып жырлады. Шынында Қасымның жырында сор татыған кермек жастың дәмі бар. «Бермесен, бермей-ақ қой баспананды...»

Қасым материалдық жағдайға бола кейінесе керек. Мәселе сол кездегі қоғамның «бұлбұлға сын айтқан есек» тәрізді: «әтеш деген керемет әнші бар, содан сабақ алсаң қайтеді» дегендей жалған сыншылық кейпінен жерінуі еді. Биікті аласартып көрсету біздің қазаққа ғана тән қылық шығар... Талантты топаспен теңестіре көрсету кісілік пе? Барды бар деп айтқан жөн ғой. Өресіз біреулер ақын болып жүр қазір. Ал Қасымдар қалтарыста қалып барады... Бір Қасым сыйған қабірге, мың топас сыяр еді ғой (С. Ақсұңқарұлы).

Биыл Қарағандыда «Өмірге келер әлі талай Қасым» атты жыр мүшәйрасының жинағы шықты. Кітап Рахат Әбдрахманов, Бағдат Мүбәрәк, Серік Сағынтай, Руслан Нұрбай, Қайрат Асқаров сынды аузын айға білеген кіл жүйріктердің жырынан тұрады. Бұл мүшәйра жылдағы дәстүрге айналып, Арқаның жас ақындары жыр алыбы Қасымның алдына тағзым етіп, жүрек жарды жырларын арнайды.

«Өмірге келер әлі талай Қасым» жыр жинағымен таныстыру жиынында ақынның сазгерлік қабілеті хақында да сөз болды. Артынша Құрмаш Ыбышев, Сырым Хордин, Дәуренбек Арқеновтар ортаға шығып, ақынның «Туған жер», «Өзім туралы», «Дарига-ай, сол қыз», «Ақ сәуле» әндерін шырқады. Қасымның бір бойына осынша дарын қалай сыйған дерсіз. Заманында Рақымжан жібекпен ат тұсаған сері болыпты. Әншілік пен ақындық Қасымның қанында ежелден бар дүние. Ол жалаң аяқ кедейдің баласы еді деген де құр бос сандырақ. Мынды айдаған Оразғұлдың ұрпағы Ақжол руы ежелден ауқатты әулет. Ал тірліктің қамытынан босай алмай жүрген кедейге қайдағы серілік, қайдағы ән?! Қасымның кеудесінде атой салған асау ырғақ - әкесі Рақымжанның аманаты.

Осы кітапта Қуаныш Медеубаевтан кейін Серафима Чернышева деген өзге ұлт қызының жырлары енгізіліпті. «Аманжолов Қасым» деп ол да өз тілінде жыр төкті. Сөз алғанда: «менің орысша сөйлегенім бүгінгі кешке жат қылық. Бірақ өнер тілге, дінге, тілге бөлінбейді» деді де, Қасымға табыну жырын орыс тілінде оқи жөнелді. Жиналған қалың қазақтың баласы ойға баттық. Біз ақындарды жүзге, руға бөліп иемденіп жүрсек, мына қаршадай қыздың айтқанын қара. Ойланып қарасақ, біз талант танымайды екенбіз. Танитынымыз бақастық пен тоз-тоз болып бөліну. Сендерден кім шықты? Бізден пәленше, түгенше деген мықты шыққан деп мақтанамыз. Атам қазақтың: «руды бөлу үшін емес, білу үшін сұрайды», «жақсы ортақ» деген сөздерін ұмыттық. Қаршадай Серафима қыздың манағы айтқан сөзі сүйектен өтті. Шындықтың шөңгесі жүрекке қадалды.

Қасымның талантын өзге ұлт өкілдері мойындап жатқанда, ақынның шығармашылығына мойынсұнбайтын тоң мойындарға не дейміз? Алда ақынның 100 жылдық мерейтойы. Сарыобалы аулында жетімсіреп, Аманжолдың ескі жұрты тұр.

«Ой - сырдаң, рухым - жүдеу, сес - бұғыңқы,

Жалғанның бастан талай көшті бұлты.

Қасымның рухын іздеп келдім саған,

Аманжол қорасының ескі жұрты», -деп Серік Сағынтай жырлағандай, Қасымның торқалы тойында ақынның аруағына тағзым етіп, рух іздеген игі жақсылар осы Аманжол қорасына бір соға кетсе деген тілек бар.

**Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ.**